

"Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № А-3/91 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № А-6/305 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 тамызда № 4323 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № А-6/278 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 16.06.2015 № А-6/278 (ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № А-3/91 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4133 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 мамырда «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентінде:

5-тармақтың 6), 7) тармақшалары келесі мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«6) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын келісу үшін Басқармаға жібереді – 1 күнтізбелік күн ішінде. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын Басқармаға ж о л д а у ;

7) Басқарма көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және келісімді немесе келісім беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды, кейін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды - 10 күнтізбелік күн ішінде. Нәтижесі – келісім немесе келісім беруден бас тарту туралы дәлелді жауап;»;

7-тармақтың 6), 7) тармақшалары келесі мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«6) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын келісу үшін Басқармаға жібереді – 1 күнтізбелік кү н і ш і н д е ;

7) Басқарма көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және келісімді немесе келісім беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды, кейін көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды - 10 күнтізбелік күн ішінде;»;

8-тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Рәсім (іс-әрекет) кезеңділігінің сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.»;

келесі мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекет етуінің, рәсімдері (әрекеттері) кезеңділігінің толық сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің анықтамалығында көрсетілген.»;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті қосымшасына осы қаулының 1–қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын; осы қаулының 2–қосымшасына сәйкес 2-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ . М . О т а р о в қ а жүктелсін .

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Кулагин

А қ м о л а

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 7

ш і л д е д е г і

№


А - 6 / 3 0 5

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша


Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кезеңділік блок-схемасы



Қысқарманың мағынасын ашу: ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік

Ақмола облысы әкімдігінің
2014 жылғы 17 шілдедегі
№ А - 6 / 305 қаулысына
2-қосымша
«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын)
салу және олардың орналасатын
жерін айқындау, сондай-ақ
үйлерді (ғимараттарды) ғибадат
үйлері (ғимараттары) етіп қайта
бейіндеу (функционалдық мақсатын
өзгерту) туралы шешім беру»
мемлекеттік қызмет
көрсетілетін қызмет
регламентіне 2-қосымша

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Қысқарманың мағынасын ашу: *ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің

), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимылдары;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.